

келетін шығындарды азайту және олардың зардаптарын жою жөніндегі шараларды қаржыландыру аумақтық және салалық қаржы көздері (министрліктердің, ведомстволардың, басқа да мемлекеттік және шаруашылық басқару органдарының резервтік қорлары, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың өз қаражаты, сондай-ақ жергілікті бюджеттер мен бюджеттен тыс қорлар) есебінен, ал ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің резервтік қоры мен басқа да мемлекеттік орталықтандырылған көздер есебінен жүзеге асырылады.

Егер ықтимал төтенше жағдайлар туу қаупінің деңгейі немесе орын алған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар таралу ауқымы жағынан жекелеген, объектілік және жергілікті деп бағаланса, аумақтық және салалық қаржы көздері төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою жөніндегі шаралардың орындалуын қамтамасыз ететін мөлшерде құрастырылады.

Өндірістік объектілерді, технологиялық желілерді пайдаланудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларда төтенше жағдайлар туындауының алдын алу жөніндегі шараларды қаржыландыру мен ұжымдар қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің резервтік қоры мен басқа да орталықтандырылған көздерден қаржы бөлу төтенше жағдайдың ауқымы төтенше жағдайлар жөніндегі облыстық (қалалық) және ведомстволық комиссиялардың аумақтық және салалық қаржы көздері есебінен оның таралуын шектеуге және оны жоюға шамасы келмеген жағдайға жеткенде жүргізіледі. Мұндай жағдайда атқарушы өкімет органдары республика Үкіметіне пайдаланылған аумақтық және салалық қаржы көздерінің мөлшері туралы ақпаратты міндетті түрде табыс ете отырып, қаржылай көмек көрсету жөнінде негізді өтінім тапсырады.

3. Алдын ала Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен, ал материалдық-техникалық ресурстарды бөлу мәселелері бойынша "Казконтракт" республикалық контракт корпорациясымен, басқа да мүдделі ұйымдармен пысықталып, келісілген негіздеуші материалдарды облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясына жібереді.

Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссия белгіленген тәртіппен республика Үкіметіне ұсыныстар енгізеді.

Төтенше жағдайлардың зардаптарын жою жөніндегі негіздеуші материалдарда осы мақсатта арнайы құрылған комиссияның барлық мүшелері қол қойған тексеру актілері, ал табиғи гидрометеорологиялық құбылыстарға орай

орын алған төтенше жағдайлар жөнінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі Бас басқарманың, немесе оның жергілікті органдарының шешімі міндетті түрде
б о л у ы к е р е к .

Қажетті қаражат сомасы белгіленген тәртіп бойынша сақтандыру кәсіпорындары мен Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің органдары жүргізген, табиғи апаттар нәтижесінде зардап шеккен объектілерді тексеру актілерімен қуатталған есептері негізінде айқындалуға тиіс. Бұл ретте сақтандыру кәсіпорындары сақтандыру өтемдерінің сомалары туралы есеп табыс етеді. Зардап шеккен объектілердің негізгі қорлары, өнімдері сақтандырылмаған жағдайда, төтенше жағдайлардың зардаптарын жоюға қажетті қаражат, әдетте, жергілікті жерлерде қарастырылады.

4. Қазақстан Министрлер Кабинетінің резервтік қорынан және басқа да мемлекеттік орталықтандырылған көздерден қаражат бөлу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негіз болып табылады, онда қаражат мөлшері мен оның нысаналы жұмсалуды көрсетіледі.

5. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің резервтік қоры мен басқа да мемлекеттік орталықтандырылған көздерден бөлінетін қаражат:

- төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі шұғыл шаралар кешенін жүргізуге ;

- құтқару және авариялық қайта қалпына келтіру жұмыстарын, соның ішінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен әлеуметтік сала объектілерінде, жүргізуге кеткен шығындардың орнын толтыруға;

- төтенше жағдай салдарынан зардап шеккендерге қолданылып жүрген заңдарда көрсетілген мөлшерде материалдық көмек көрсетуге;

- зардап шеккендер үшін уақытша тұратын және тамақтанатын пункттерді құрып, олардың қызметін қамтамасыз етуге;

- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясы белгіленген тәртіппен тартқан арнаулы авариялық құтқару және басқа да бөлімшелерін төтенше жағдай аймағына жіберуге кеткен шығындардың орнын толтыруға ;

- табиғи апаттар аймағына әр түрлі күштер мен құралдарды тасымалдауды қамтамасыз ету жөніндегі шығындарға жұмсалуды мүмкін. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының сұрауы бойынша тасымалдауды жүзеге асырған министрліктер мен ведомстволар аталған шығындардың алдын ала есебін табыс етеді.

6. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялары төтенше жағдайлардың зардаптарын жою жөніндегі

шараларды жүргізуге бөлінген қаражаттың тиімді және нысаналы мақсатта жұмсалыуын есепке алып, бақылауды жүзеге асырады.

7. Төтенше жағдайды жою жұмыстары біткен соң облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері мемлекеттік орталықтандырылған көздерден алынған қаражаттың пайдаланылуы жөнінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне есеп табыс етеді.

8. Өнеркәсіптегі авариялардың, күйреулердің, табиғи апаттардың алдын алу және олардың зардаптарын жою жөніндегі шараларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету :

- кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың өз қаражаттары, сондай-ақ жергілікті бюджеттер мен бюджеттен тыс қорлар есебінен - кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, олардың ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысандарына қарамастан, тауар нарығында тікелей тауар беріп тұрушылардан немесе сауда-делдалдық, ұйымдар арқылы шартты негізде сатып алған материалдық құралдардың запасын жасау жолымен қаржыландырылған жағдайда жүзеге асырылады. Бұл үшін кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар өздерінің ағымдағы жоспарларында аталған мақсаттар үшін қажетті қаржыландыру көздерін және сатып алынатын бұйымдар мен материалдардың мөлшерін көздейді.

Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері қажет болған жағдайда ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан облыс (қала) кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының материалдық-техникалық ресурстарын пайдалану жөнінде шұғыл шешім қабылдай алады :

- жұмыстар Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы резервтік қор мен басқа да мемлекеттік орталықтандырылған көздерден - мемлекеттік резервке салынып, мемлекеттік мұқтаждар қатарында қарастырылатын материалдық ресурстар есебінен, сондай-ақ республика Үкіметінің арнаулы шешімі бойынша "Қазконтракт" республикалық контракт корпорациясының ұйымдарында бар айналым қорларын тарту есебінен қаржыландырылған жағдайда.

Бұл ретте облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері негіздеуші материалдарды Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен "Қазконтракт" республикалық контракт корпорациясына тапсырады, олар материалдарды қарап, өз ұсыныстарын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізеді.

Республикада өндірілмейтін авариялық құтқару жабдықтары мен өнімдерін беріп тұру мөлшерін Қазақстан Республикасы Энергетика және отын ресурстары министрлігінің, Өнеркәсіп министрлігінің, Азаматтық қорғаныс штабының,

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Материалдық резервтер жөніндегі мемлекеттік комитет пен басқа да мүдделі министрліктердің, ведомстволар мен ұйымдардың Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясымен келісілген ұсыныстары бойынша Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігімен бірлесе отырып белгілейді.

9. Төтенше жағдайлардың алдын алу, сондай-ақ төтенше жағдайларды жою жөніндегі қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге арналған ұзақ мерзімді шараларды іске асыруға қажет шығындар мөлшерін облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері, мүдделі министрліктер мен ведомстволар Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігіне тиісті жылға арналған бюджеттік өтінім құрамында табыс етіп, олар белгіленген т е р т і п п е н қ а р а л а д ы .

10. Аумақтық және салалық қаржыландыру көздері туралы, сондай-ақ кезекті жылға арналған қолдағы материалдық ресурстар запастары туралы мағлұматтарды облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері, министрліктер мен ведомстволар Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясына табыс етеді.